## Қазақстан Республикасында "электронды Үкіметтің" инфрақұрылымын қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 21 мамырдағы N 152-ө өкімі

Қазақстан Республикасында "электронды Үкіметтің" инфрақұрылымын қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасының жобасын әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда Қазақстан Республикасында "электронды Үкіметтің" инфрақұрылымын қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі - Жұмыс тобы) құрылсын:

| | |
|---|---|
| Қанешев Біржан Бисекенұлы | - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің төрағасы, жетекші |
| Қажыкен Мейрам Зекешұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімінің меңгерушісі, жетекшінің орынбасары |
| Есімова Әсемгүл Ғазизқызы | - Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Ақпараттандыру және заң қызметі департаментінің директоры, хатшы |
| Есекеев Қуаныш Бақытбекұлы | - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары |
| Ыбырайым Нұрлан Мұхтарбекұлы | - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті төрағасының орынбасары |
| Жақыпбеков Сембек Сәбетұлы | - Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік комитетінің Үкіметтік байланысты қамтамасыз ету орталығы бастығының бірінші орынбасары (келісім бойынша) |
| Маханбетәжиев Батыр Әпенұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Ақпараттандыру және инновациялар |

саласындағы шығыстарды жоспарлау департаментінің директоры

Жүнісбеков Асқар Рақымбайұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Департаментінің басқарма бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Бектасов Әбен Ағыбайұлы - "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының президенті - басқармасының төрағасы (келісім бойынша)

Исин Нұрлан Құрманғалиұлы - "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамының президенті - басқармасының төрағасы (келісім бойынша)

Хван Валерий Герасимович - Алматы қаласы "Ақпараттық жүйелер орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы екі ай мерзімде Қазақстан Республикасында "электронды Үкіметтің" инфрақұрылымын қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) жобасын әзірлесін.

3. Жұмыс тобына Қазақстан Республикасында "электронды Үкіметтің" инфрақұрылымын қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасының жобасын іске асырудың негізгі бағыттары бойынша сарапшылар мен мамандарды, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметкерлерін тарту құқығы берілсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК